

Ғылыми жоба

«Қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру»

Жоба жетекшісі: Есмұрат Ш.Н

Талғар 2016-2017 оқу жылы

Жұмыр жерді мекендейтін санмыңдаған тіршілік атаулының ішінде Жер-анаға адам баласынан артық қиянат жасайтын жан иесі жоқ екен. Басқасын былай қойғанда, саналы тіршілік иесі саналатын «*homo sapiens*»-тің күнделікті өмір қажеттілігінен артылған тұрмыстық қалдықтары мен күл-қоқысы ортақ планетамызды тұншықтырып барады. Қасиетті даласын көзінің қарашығындай аялайтын қазақ «ат аунаған жерде түк қалады» деп қастерлеуші еді. Енді табиғат аясына демалысқа шыққан әрбір адамның артында кемінде 10 кило қатты тұрмыстық қалдықтар қалатын болды. Қазақ «жер жарасы – жан жарасы» деген ұлағатты ұран тұтқан ұлт. Халқымыз атамекенін асылындай аялауды атадан балаға мирас еткен. Ендеше, қазақ даласы күл-қоқыс қоймасы емес. Бүгінгі ұрпаққа айтар ұлағат, жеткіншектер санасына құятын ғибрат туған жеріміздің тоқымдай телімін тусыратпай, сай-саласын күл-қоқысқа толтырмай, қоқыспен бітелген бұлақтардың көзін ашып, тауы мен тасын көздің қарашығындай қорғау – халықтық мүддеміз, перзенттік парызымыз. Иә, бүкіл өркениетті әлем қоршаған ортасын қорғап, қасіреті қалың Жер-ананы күл-қоқыс қоймасына айналдырып алмау жолында жанталаса қарекет жасап жатыр. Қазақстан болса, күл-қоқыс мәселесін күн тәртібіне шығаруға да салғыртсып, ұлы даланың ұландығының арқасында «жағасы жайлау, арқасын кеңге» салып келеді. Кейбір дамыған елдер күл-қоқысты қайта өңдеу арқылы бірқатар пайдалы өнімдер алып, «екі жеп, биге шығып» жатыр. Ал біздің Үкімет жомарт даланың қойнауындағы қазынаны таратып, жерасты қыртысын қопартудан дивиденд жинап, аяқ астындағы күл-қоқысты көзге ілер емес. Егер сол тау-тау болып үйілген күл-қоқысты инновациялық тәсілдермен керекке жаратса, қазба байлығынан тапқан табыстан бір де кем емес пайда табуға болады.



«Қоқыс қалдықтарды қайта өңдеу қаланың өзекті проблемасының бірі болып қалып отыр. Әлемдегі жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бұл проблеманы оңтайлы шешуге толық мүмкіндік бар. Мәселен, Швейцарияда әрбір тұрғын қоқысты сұрыптап төгуге міндетті: шыныны шыныға, металды металға, қағазды қағазға. Соның нәтижесінде, шыны зауыттардың 90 пайызы, қағаз өнімдерінің үштен бірі қайта өңдеуге пайдаланылады. Осыдан келіп, Швейцария мен Сингапур сияқты елдер әлемдегі экологиялық ең таза мемлекеттердің қатарында есептеледі. Ал, бізде Алматыдағы қоқыс өңдейтін жалғыз кешен бір жылдан бері жұмыс істемей тұр...».



Жалпы, қоқыс өңдеу ісі үлкен табыс әкелетін пайдалы сала. Әлемде «Қоқыс ханшайымы» атанған қытайлық Чжан Инь өзінің миллиондарын осы қоқыстарды өңдеу арқылы тапқан. Не жоғары білімі жоқ, не сүйенетін адамы жоқ, тапқаны тамағынан артылмайтын Чжанды қалталы жандардың қатарына қосқан. Себебі оның қоқысты өңдеуді ерекше еңбекқорлығы, табандылығы. Біз ұсақтарды ескере бермейміз. Байысақ, мұнай сатып, жерімізді жалға беріп, ауқатты атануды жөн көреміз. Ал, қоқысты өңдеу... Намыс секілді.

Тек осы іске бәс тігіп, қолға алатын қазақстандықтар аз. Әрине, қоқыстың барлық түрін өңдеу үшін аз қаржы кетпейді. Оларға керекті техникалық құралдардың да бағасын қалтамыз көтере бермесі белгілі. Ал, егер қоқыстың бір түрін өңдейтін болсаңыз, табысқа жетеріңіз анық. Айталық, қазіргі кезде қоқыстан ең көп табылатын заттардың денін пластик бөтелкелер, құтылар құрайды. Бұдан табыс табудың алғы шарттары қандай? Қазақстанда қоқыс өңдеуде бәсекелес орта болмағандықтан еңбектенген жанның қаржысыз қалмайтыны анық. Өйткені, 1 келі болатын пластик құтыларды өңдеуден 0,8 келі екінші сұрыпты зат алынатынын ескерсек, кеткен шығынның қайтарылатынына күмән жоқ. Соған қарамастан, өңдеумен айналысуға ынталылар әлі де жоқ.



Ал, қағазды өңдеуден түсетін пайда да ұшан-теңіз. «Қоқыс ханшайымы» атанған қытайлық Чжан Иньнің бизнесінің негізі осы қажетсіз қағаздардан құралады. Ол, тіпті, кәсіпкерліктің алғашқы кезінде қоқыстарды өңдеп те әуре болмаған. Бар атқарғаны — ортадағы делдалдық. Америкадағы иесіз қоқыстарды арзан бағаға сатып алған ол қағаздарды бөлген соң Қытайдағы өңдейтін зауыттарға тасымалдап, кейіннен оларды орама, қорап түрінде қайта жасатып, Америкаға саудалап отырған. Тақыр жерден табыс табу деген осы.



Чжан Инь: китайская императрица макулатуры

04.08.2015

Уже много лет эта хрупкая на вид женщина занимает ведущие позиции в национальном рейтинге самых богатых представительниц прекрасной половины человечества. Ее компания Nine Dragons Paper позволила сколотить состояние в несколько миллиардов долларов и это далеко не предел. Госпожа Инь продолжает работать, наращивает объемы, осуществляет прием макулатуры из разных уголков мира, ее более полную переработку, что и является стержнем бизнеса.



Ресейдегі ең қоқысы көп қала Нижегородь облысындағы Дзержинск қаласы екен. Ол тіпті ең лас кішкентай қала ретінде Гиннестер кітабына еніпті. Жергілікті тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны Европадағы ең үлкені. Бұндағы қоқыстар төмен температурада өртеледі, ауаны бүлдіріп. Ал, өртенбейтіні жәймен жерге сіңеді, топырақ пен суды бүлдіріп. Осы маңайда 30000 халық тұратын болса, Гиннес рекордтар кітабының дерегі бойынша Дзержинскіде ер адамдардың өмір жасы 42, ал әйелдердікі 47. Populare Science журналы ғылымдағы онша мықты емес мамандықтардың рейтингісін жариялапты. Қоқыс қалдықтары мен оларды өңдеу әдісін зерттейтін гарбология төртінші орынға шығыпты. Әрине, кім қоқыс жинаушы, көше сыпырушы болғысы келеді дейсіз. Алайда, күрек пен сыпырғыш ұстағандардың еңбегінен ақша аямау керектігі кім-кімге де белгілі.



Европа елдерінде біздегідей далиып жатқан дала жоқ, қала аумақтары шағын, содан да қоқысқа орын да болмай жатады. Нәтижесінде: ұрандары қоқысты азайту керек, азайту керек және азайту керек. Барлық деңгейде бірдей, алпауыт өндіріс орындары да бір кастрюлкесі бар отбасы да. Қоқыс аз болумен қатар, тез, жеңіл өңделуі қажет. Қоқысты өртеу мен оны көмудің рейтингісі төмен. Басқа шара болмаса, амал жоқ, әйтпесе...Евроодақ елдері қоқысқа қарамағаны үшін айып саларда бір-бірін аямайды. Әсіресе, өндеудің жаңа технологиясын баяу ендіргенде айыптан арылмайды. Қалдықтарды бөліп сорттау қажеттілігін кішкентай бала да біледі. Тіпті, аса сауаттанып кеткен балалар жуынып жатқан ата-аналарының суды ысырап етпеуін секундомермен қадағалайтын да көрінеді. Қатты - тұрмыстық қалдықтарды жинақтау, оны жою, өңдеу өте күрделі және өзекті мәселе.





ҚР –ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында елдің дамуындағы негізгі тапсырмаларды және одан шығу жолдарын анықтады. Негізгі бағытының бірі қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды өмір сүруге тіршілік жауапкершілігіне бейімдеу болып табылады. Сондықтан бұл тәрбие жүйесінің дұрыс қалыптасуы оның болашақ өмір сүруіне дұрыс бағдар болуы тиіс. Аталған жүйе болашақ ұрпақтың дұрыс өмір сүруінің негізін қалайды. Яғни аталған мәселеге елімізде білімді де, дені сау ұрпақ жалғасын өсірудегі маңызды да өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Мен өз ойымды қорытындылай келе бұл мәселені кешенді түрде шешуіміз керек. Ол үшін, ең алдымен, қалдықтарды өңдейтін зауыт салып, жастарды жұмылдырсақ. Қазір біз қоқыстармен дұрыс жұмыс жүргізе алмай келеміз. Сондай-ақ қоқыстың екінші шикізат екенін ұмытпасақ. Егер қоқыс өңдейтін зауыт болса, бәрі ойдағыдай шешіледі деп ойлаймын. Біз өзіміз-ақ бұл шаруаны тындыра аламыз. Ол үшін қоқыс жинайтын алаңдар санын көбейту. Онда адамдардың өздері келіп, қоқыс өткізетін болады. Алаңда қоқыстарды реттеп отыратын бірнеше топ жұмыс істейтін болады. Кейде біз қоқысқа зиянды қалдықтардың кетіп жатқанын ескермейміз.



Мәселен, бір ғана үйдегі шамнан адам денсаулығына зиян келтіретін сынап бөлінеді. Оны зауытта да, полигонда да ешкім сараптап жатпайды. Ал алаңда оны арнайы дайындығы бар мамандар екшеп отырса халыққа дұрыс бағыт – бағдар беріп отырса. Ал бүгінде Алматы қаласында 450 мың тонна қалдық жиналады. Оның 150 мың тоннасы – тамақ қалдықтары.

Тамақ қалдықтарынан да екінші өнім дайындау әбден қажет. Өкінішке қарай, мұндай тәжірибе бізде жоқ, ал батыс елдері қолданып келеді. Соны ел болып көтерсе, шешілмейтін мәселе болмайтын еді.



Менің ұсыныстарым:

- қалдықтарды жинақтау, оны жою, қайта өңдеу ісіне жастарды жұмылдыру.
- табиғат пайдаланушылардың қалдықтарды есепке алу, өңдеу және залалсыздандыру жұмысындағы жеке жауапкершілігін күшейту, әрі шығарылатын қалдық мөлшерін азайту шараларын енгізуде талапты күшейту;
- барлық елді мекенде 2-ші санаттағы қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап жинақтау жүйесін енгізу;
- қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйелер мен өндірістік қуатты дамыту, өндірісте пайдаланылған үлкен қалдықтарды екінші қайтара игерудің жүзеге асыру. Осы ұсыныстар толық жүзеге асатын болса қалдықтарды игеру мәселесінде бір қатар жұмыстар орынды шешімін табар еді
- басқа мемлеттерде секілді әр үйдің сыртында пластикалық заттарға арналған және әйнек, қағаз салуға арналған жеке жеке жәшіктер орналастыру. Жиналған қоқысты қоқыс көлігі алып кететіндей және сол еңбек үшін еңбекақы төленіп тұрса. Мүмкін бізде қайта өңдеу зауытының санын көбеітер едік.





Назарларыңызға
рахмет!